

Жалпы жоспарға сәйкес ағымдағы жылдың қыркүйек айында 1 сыныптар арасында «Кітапханаға саяхат» атты сабақ ұйымдастырылды.

Мақсаты — білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

Ұйымдастырған мектеп кітапханашысы: Умарова А.Б



2024-2025 оқу жылының жалпы жоспарына сай 5 қыркүйек 3«б» класының оқушыларымен тілдер күніне орай «Тілім- менің тірегім» атты тақырыбында кітапханамызға саяхат жасалды.

Мақсаты — оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, жас ұрпаққа ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуге шақыру.

Ана тілін сүйуге, ана тілін ардақтай білуге тәрбиелеу. Мектеп кітапханашысы: Умарова А.Б



2024-2025 оқу жылында мектеп кітапханасының жалпы жоспарына сәйкес қыркүйек айында төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Атап айтар болсақ, «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында іс-шара өткізілді. Оқушылар өздерінің оқыған сүйікті кітаптарымен бөлісті.

Мақсаты: Оқушыларды әдеби кітаптарға деген құштарлығын ояту, болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақты тәрбиелеу мақсатында әр оқушы өздерінің сүйікті кітаптарын оқып, ойларымен бөлісті. Кітапханашы; Умарова А:Б



Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ-нің 2024-2024 оқу жылының Қазан айының 15-16 күндер аралығында білім алушыларды кітапханалық оқулықтарға дұрыс және ұқыпты қарауға үйрету мақсатында "Кітап - білім бұлағы" атты оқулықтарға рейд жүргізілді. Тексеру 1-11 сыныптар аралығында өткізілді. Сабақта оқулықтардың болуы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы түрі тексерілді. Оқулықтары, мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау " нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалғаны үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды. Әрбіріміз таза және ұқыпты кітапты қолымызда ұстағымыз келеді, ал ол үшін оқулықтар оралып, таза болуы керек.!

Ұйымдастырушылар: Умарова А, Дүйсенғалиева Т, «Жас Ұлан» ұйымы



Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ 2024-2024 оқу жылының Қазан айының 18 күні «Балаларкітапханасы жобасы» аясында жоспарға сай «Бізді ақылды ететін- дана кітап» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды кітап сүйюге, оны күтіп ұстауға тәрбиелеу, кітаптың адам өміріндегі аса маңызды ролін түсіндіріп, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Кітапханашы: Умарова А.Б



Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ 2024-2024 оқу жылының жоспарға сай Қазан айында Республика күніне «Рәміздерім- мақтанышым» атты кітапханамызда іс-шара өткізілді.


Мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері және олардың бейнелік мағыналары туралы мағлұматтарын толықтыру, авторларымен таныстыру. Ұлттық рәміздердің әрбір бөлшектеріне, халқымыздың өткені мен бүгінгі күндеріне қысқаша шолу. Кітапханашы: Умарова А.Б



2024 оқу жылының 21-22 қазан күндері Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7ЖББОМ кітапханасында Республика күніне орай «25 Қазан – Республика күні» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапханашы Умарова А.Б оқушыларға сұрақтар қойып, кітап көрмесін таныстырып өтті.

Мақсаты: Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу. Кітапханашы: Умарова А.Б



Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7ЖББОМ "Оқуға құштар мектеп", "Балалар кітапханасы" жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде «Кітап-гажайып қазына» тақырыбында кітап оқу шарасы өткізілді. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапханашы: Умарова А.Б



"Оқуға құштар мектеп" жобасы жоспарына сәйкес мектеп кітапханасында "Қазақ балалар әдебиетінің бәйтерегі" Бердібек Соқпақбайевтың 100 жыл толуына байланысты көрме өткізілді. Көрмеде жазушының кітаптары қойылып, өмірбаяны мен таныстырылды.

Мақсаты: оқушыларға балалар әдебиетінің классигі Б. Соқпақбаев туралы тың деректер мен таныстырып, шығармаларын насихаттау, оқырманның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқырмандарымызды кітап оқуға шақыру. Кітапханашы: Умарова А.Б



«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «20-минуттық кітап оқу» іс-шара ұйымдастырылды. Аталмыш шараға бастауыш сынып оқушылары дауыстап оқу, ертегінің бейне көрінісін көріп, оқыған шығарманың түсінгенін мазмұндап айту арқылы белсене қатысты.

«Кітап- жан азығы», « Кітап –өмір ұстазы» дегендей балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Кітап оқуға,соның ішінде көркем әдебиеттерді оқуға қызығушылықтарын арттыру, кітап оқуға сүйіспеншілікпен қарап, алдағы уақыттарда да, оқып жүруге ынталарын қалыптастыру. Кітапханашы: Умарова А.Б



